

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 82 "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу, қорғау аймағында табиғат пайдаланудың мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 256 қаулысы.  
Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 желтоқсанда № 6628-13 болып тіркелді

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу, қорғау аймағында табиғат пайдаланудың мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 82 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3168 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу, қорғау аймағында табиғат пайдаланудың мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі туралы";

көрсетілген қаулының 1, 2-тармақтары келесі редакцияда жазылсын:

"1. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жерінің айналасынан қорғау аймағын, қорғау аймағының мөлшері, шекарасы ені екі шақырымнан, жалпы ауданы 263092,5 гектарда белгіленсін.

2. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғат пайдаланудың режим түрлері және тәртібі осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысының әкімі*

*Д. Сатыбалды*

Түркістан облысы әкімдігінің  
2024 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 256 қаулысына қосымша  
Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2015 жылғы "01"  
сәуірдегі № 82 қаулысына  
қосымша

**Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғат пайдаланудың режим түрлері және тәртібі**

1. Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Өңірлік парк) қорғау аймағында экологиялық жүйелері мен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін қызметке жол берілмейді:

1) Өңірлік парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілер орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологияларды енгізуге;

2) ластаушы заттар мен сарқынды суларды атмосфераға шығару және ашық су көздері мен рельефке төгуге;

3) пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге (бұрын берілген келісім шарттар мен лицензияларға қолданылмайды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда);

4) аң аулауға;

5) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіптік қалдықтарды көмуге;

6) Өңірлік парктің экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертуі мүмкін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға душар ететін басқа да объектілер салуға);

7) жабайы жануарлар мен жабайы өсетін өсімдіктердің бөтен түрлерін интродукциялауға;

8) Өңірлік парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер етуі мүмкін басқа да қызметке.

2. Өңірлік парктің қорғау аймақтарының аумағында өңірлік парктің экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін шаруашылық қызметтің мынадай әртүрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

1) орман шаруашылығы қызметі;

2) мал жаю мен шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық әртүрлілікті ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;

- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) минералды суларды, бальнеологиялық және климаттық ресурстарды пайдалану;
- 5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау, сондай-ақ балық өсіру;
- 6) орман және дала өрттерін сөндіру бойынша жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;
- 7) бүлінген жерді қалпына келтіру;
- 8) орман және өзге де өсімдіктер қауымдастықтарын қалпына келтіру;
- 9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;
- 10) жер учаскелерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемиялық, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін қолдан көбейтуге, өсіруге, өндіруге арналған питомниктер орналастыру, сондай-ақ өңірлік парк жұмыскерлерінің тұруына арналған қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу , оларға қызметтік жер телімдерін беру үшін пайдалану.

3. Өңірлік парктің қорғау аймағында осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды болып есептелетін учаскелердің, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының өзге де объектілердің дербестігі қамтамасыз етілуге тиіс.